

«Бекітілді»

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті» КеАҚ Басқарма шешімі

Хаттама № 10 « 16 » 05 2026 ж.



Басқарма төрағасы-Ректор

Байкадамов Н.С.

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы.
Педагогика және психология» журналына мақала жариялау
ЕРЕЖЕСІ**

1-Тарау. Жалпы ережелер

1.1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналында мақалаларды жариялау туралы Ереже Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналында жариялауға ғылыми мақалаларды дайындау ережелерін анықтайды. Мерзімді басылымдарды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы 2024 жылғы 9-шілдедегі № № KZ60VPY00096434 куәлік.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №20 бұйрығымен бекітілген Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға; Қазақстан Республикасының Ғылым және технологиялық саясат туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы негізінде әзірленді.

1.3. Анықтамалар мен қысқартулар.

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- Қорқыт Ата атындағы ҚУ – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.
- ФТАХР – ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы
- ФТАМР – ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы
- DOI – Digital Object Identifier, Идентификатор цифрового объекта, сандық объектінің идентификаторы

**2-Тарау. Журналдың редакциялық саясаты және тақырыптық
бағыттылығы**

2.1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналы жылына 4 рет шығады, журнал отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары туралы ақпараттарды, ғылыми конференция материалдарын, ғылыми-әдістемелік мақалаларды, жас ғалымдардың ғылыми шығармашылық жұмыстарын жарияланымға қойылатын тиісті талаптары бойынша ғылыми ақпараттарды жариялауға қабылдайды.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналының басты бағыты:

1. Педагогика және психология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер;

2. Педагогика және психология білім беру.

2.2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналының редакциялық саясатының міндеттері:

- ғылыми зерттеулердің сапасын жоғарылатуға, іргелі және қолданбалы озық ғылым жетістіктерін енгізу үшін ғылыми әлеуетті анықтауға ықпал ету;

- ғалымдар мен жас зерттеушілерге өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялау мүмкіндігін беру;

- педагогика және психология ғылымдары бойынша ең өзекті перспективті және қызықты бағыттарға назар аудару;

- отандық және шетелдік ғалымдардың өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету және жарияланымдарға тарту, зерттеушілер арасында пікір алмасуларды жолға қою.

Барлық тараптардың (редакторлар, авторлар, рецензенттер) өзара қарым-қатынастары жарияланымдар әдебіне қойылатын талаптарды қадағалауға негізделеді.

2.3. Мақалаларда келтірілген нақты материалдарға авторлар өзі жауап береді.

2.4. Рецензиялау нәтижелері бойынша теріс баға алған және журналдың редакциялық алқасымен мақұлданбаған материалдар жарияланбайды және авторларға қайтарылмайды. Редакция қабылданбаған материалдарды сақтамайды.

3-Тарау. Жарияланым әдебіне қойылатын талаптар

3.1. Журналда жариялауға материалдар дайындау процесіне қатысатын барлық тараптар: авторлар, рецензенттер, редакциялық алқа мүшелері – жарияланым әдебіне қойылатын төмендегі талаптарды қадағалауы тиіс.

Журналдың редакциялық алқасы мақалаларды қарастырған кезде беделді халықаралық журналдардың озық тәжірибелерін ескереді. Жоғары сапалы ғылыми басылымдарды қамтамасыз ету үшін редакциялық алқа мақалаларды жариялауда плагиаттың, дәл емес деректерді пайдаланудың, дәлелсіз ақпарат берудің және т.б. алдын алу бойынша жұмыс істейді. Редакция алқасы, сондай-ақ баспа ісіне қатысатын барлық тұлғалар халықаралық қауымдастық қабылдаған ережелер мен этикалық стандарттарды ұстануы және мұндай әрекеттердің алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Редакция алқасы ешқашан заңсыз әрекеттерді (плагиат, манипуляция, бұрмалау) қолдамайды және мұндай әрекеттердің алдын алу үшін бар күшін салады.

3.2. Журналдың ғылыми бағыттарының бас редакторы шешім қабылдаған кезде редакциялық алқа мүшелерімен және рецензенттермен кеңесе алады, олар келесі ережелерді басшылыққа алады:

- ұсынылған қолжазба туралы ақпараттарды автор, рецензенттер, әлеуетті рецензенттер, басқа редакциялық кеңесшілерден, қажет болғанда баспагерден басқа ешкімге ашпау;

- авторлар ұсынған материалдарды бағалау кезінде кемсітушілікке жол бермеу;

- қажеті болмаса, авторлардан қабылданған материалдар туралы ақпараттарды авторлар, рецензенттерден басқаларға ашпау;

- зерттеуге жатпайтын іс-әрекеттерге жол берілген мақалаларды анықтап, жариялауды болдырмаудың ақылға қонымды шараларын жасау, мұндай келеңсіздіктердің алдын алу және жою;

- ғылыми-зерттеу бағытына жатпайтын фактілерді немесе мәлімдемелерді нақтылау;

- түзетулерді, түсіндірмелерді, теріске шығаруларды және қажет болса кешірім сұрауды жариялауға дайын болуы қажет.

3.3. Баспа үдерісінде авторлар келесі ережелерді басшылыққа алады:

- жала, авторлық құқық, заңдылық және плагиатқа қатысты негізгі заңды талаптарды ескере отырып, толық сәйкестікте жұмыс істеу;

- түпнұсқа зерттеу бойынша атқарылған жұмыстардың шынайы нәтижелерін беру және оның маңыздылығын объективті зерделеу және мақалада жұмыстың тексерілуін қамтамасыз ететіндей жеткілікті детальдар болуы тиіс. Жалған немесе әдейі қате пайымдаулар материалды қабылдамауға немесе жарияланған мақаланы теріске шығаруға себеп бола алады;

- қолжазбаны бір мезгілде басқа басылымға ұсынуға жол берілмейді. Автор журналға бұрын жарияланған мақаланы ұсынбауы тиіс;

- ұсынылған материалдың толық түпнұсқалығына кепілдік беру.

3.4. Басқа авторлардың еңбектерін немесе пайымдауларын пайдаланған жағдайда тиісті библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер ұсынуы тиіс;

- кез-келген түрдегі плагиатқа жол бермеу;

- қабылдау үшін мақаланың мәтіні кемінде 80% өзіндік түпнұсқалыққа ие болуы тиіс.

3.5. Автодәйексөздеу (өзін өзі дәйексөздеу) қағидаларын қадағалау, атап айтқанда:

- егер материал элементтері бұрын басқа мақалада, оның ішінде «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналында жарияланса, автор неғұрлым бұрынғы жұмысына сілтеме жасауы тиіс;

- авторларға өзін өзі дәйексөздеу деңгейін 0–10% аралығында қадағалау ұсынылады;

- мақала авторларының саны бес адамнан аспауы тиіс;

- өз жұмыстарын қаржыландыру туралы ақпараттарды, сондай-ақ өз қолжазбаларының нәтижелеріне немесе интерпретациясына ықпал еткендер ретінде қабылдануы мүмкін үшінші тараптардың мүдделері бар екені туралы мәлімдеу;

- қолжазбадағы елеулі қателік немесе дәлсіздік туралы журналдың жауапты редакторына хабарлау және мақаланы жою немесе түзету үшін журнал редакторымен тұрақты байланысын қамтамасыз ету;

- редакциялық алқа мүшелерінің мақалалары бір нөмірде бір мақаладан артық жарияланбайды.



3.6. Журнал нөміріндегі бір автордың мақалаларының саны жеке және/немесе бірлесіп жазылған 2 (екі) мақаладан аспауға тиіс.

4-Тарау. Журнал редакциясына түскен ғылыми мақалаларды қарау және қорытынды беру (редакторлар), рецензиялау

4.1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналында жариялау үшін ғылыми мақалаларды редакторлардың алдын-ала қарауы мен рецензенттердің рецензиялауы басылымның ғылыми-теориялық жоғары деңгейін ұстау және ең құнды, өзекті (перспективті) ғылыми жұмыстарды іріктеу мақсатында жүргізіледі.

4.2. Редакторлар материалдарды кері қайтаруға және автор(лар)дан оларды ғылыми мақалаларға қойылатын талаптарға сәйкес болуын қадағалауға құқылы.

4.3. Жарияланатын материалдардың сапасын қамтамасыз ету және авторлық құқықты қадағалау мақсатында барлық түскен материалдар көшіріп пайдаланбағандығын анықтау үшін тексеруден өтеді. Бағдарлама бойынша тексеруді университеттің жауапты қызметкері жүргізеді, тек содан соң ғана рецензиялауға жіберіледі.

4.4. Өз мақалаларын «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналына жариялауға жіберетін авторлар, осы арқылы мақаланы жариялауға, мақаланың мета-деректерін (авторлардың аты-жөні мен олардың мақалаға қосылған жерлері, аннотациялар, кілт сөздер, библиографиялық тізім) интернет желісіндегі журнал сайтында ашық қолжетімділікте орналастыруға, мақала мәтінін (оның ішінде сілтемелер, библиографиялық ақпараттар т.с.с.) осы деректер міндетті түрде берілуі керек тұлғалар мен ұйымдарға жарияланымды дәйексөздендіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін және авторлар мен журналдың дәйексөздік индексін арттыру мақсатында басқа тұлғаларға беруге өзінің келісімін білдіреді, сондай-ақ ұсынылған мақалалар басқа журналдарда жариялауға берілмегендігін растайды.

4.5. Редакцияға келген мақала ғылыми бағытына сәйкестігін жауапты редактордың басшылығымен редакциялық ұжым тексеріп, мақаланы қабылдау, қабылдамау жөнінде шешім шығарылады.

4.6. Жауапты хатшы қабылданатын мақалаларды авторларға арналған нұсқаулық бойынша техникалық рәсімдеуде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қадағалаған соң антиплагиат бағдарламасында тексереді (Антиплагиат бағдарламасында тексеру талабы «Антиплагиат жүйесін пайдалану Ережесінде» толығымен келтірілген.) Түпнұсқалығы 80% - дан жоғары болған мақала рецензиялауға жіберіледі.

4.7. Рецензиялау тәртібі мақалаларды берудің және рецензиялаудың онлайн жүйесі арқылы жеке электрондық сайтпен «Жасырын рецензиялау» арқылы жүзеге асырылады.

4.8. Рецензенттер келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- журналдың редакциялық саясатына қатаң сәйкес, сондай-ақ авторлық құқық, заңдылық, плагиат мәселелерін реттейтін және жала жабудан қорғауға

бағытталған қолданыстағы заңнама талаптарын ескере отырып, жұмысты жүзеге асыруға міндеттенеді;

- қарауға ұсынылған қолжазбалардан алынған жарияланбаған материалдарды автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерінде пайдаланбау;

- жауапты хатшылармен келісілген рецензиялау мерзімін қадағалау;

- ұсынылған қолжазбадағы зерттеулерді рецензиялауға өзінің құзыретсіздігін сезінсе немесе қолжазбаны жуық арада қарау мүмкін емес деп тапса жауапты хатшыларды хабардар етіп, өзін рецензиялау процесінен шығару;

- рецензиялауға алынған кез келген материалды құпия құжат деп қарау, оның мазмұнын ашпау және жауапты редакторлардан басқа ешкіммен талқыламау;

- рецензиялауға берілген материалдарға объективті баға беру. Рецензенттер өз пікірлерін айқын әрі дәлелді түрде білдіруі тиіс;

- редакциялық алқа мүшелерінің, жауапты хатшылардың назарын кез келген қаралатын қолжазба мен кез-келген жарияланған басқа жұмыс арасындағы елеулі ұқсастықтарға немесе сәйкестіктерге аудару.

4.9. Рецензиялау процедурасы келесі кезеңдерден тұрады:

1. Мақалаларды рецензиялау үшін ғылыми мамандарға, ғылыми мақаланың тақырыбына неғұрлым жақын ғылым докторына, ғылым кандидатына немесе PhD-на жіберіледі.

2. Мақаланы рецензиялау мерзімі нақты жағдайға қарай өзгеруі мүмкін, бірақ 4 аптадан аспауы тиіс.

3. Рецензияланатын жұмыстың авторы немесе қосалқы авторы, сондай-ақ, автор жұмыс істейтін бөлімшенің ғылыми дәрежедегі ғалымдарына, PhD ізденушілерінің ғылыми жетекшілері және қызметкерлері рецензент бола алмайды. Рецензияларды редакциялық алқа талқылайды және олар қолжазбаны қабылдау немесе кері қайтаруға негіз болады.

4. Рецензия ғылыми мақаланы объективті бағалауы және оның ғылыми және әдістемелік жетістіктері мен кемшіліктерін жан-жақты талдауды қамтуы тиіс. Рецензиялауды рецензенттер мақаланың ғылыми құрылымы бойынша жалпы ақпарат беретін арнайы критерийлермен белгіленген кесте бойынша сайтта толтырады (Қосымша 1).

4.10. Рецензияда қысқаша бағалануы тиіс:

- жұмыстың жалпы ғылыми деңгейі;

- атауы және оның мақала мазмұнына сәйкестігі;

- тақырыптың өзектілігі;

- ғылыми жаңашылдығы,

- ұсынылған тұжырымдардың практикалық маңыздылығы;

- жұмыстың құрылымы;

- жұмыста пікірталастық және/немесе қате қағидалардың болуы;

- мақаланың оңтайлы ұсыныстары, не кемшілігі нақты немен тұжырымдалады, автор қандай түзетулер мен толықтырулар енгізуі тиіс;

- қолжазбаны жариялауға болатыны не мүмкін еместігі туралы рецензенттің пікір айтуы.

Рецензиялау қорытындысы жауапты хатшының жауапкершілігімен автор(лар)ға жеткізіледі.

4.11. Пысықтау үшін авторға жіберілген мақала түзетілген түрде, мақалада белгіленген түзетулерімен, 10 күн ішінде қайтарылуы тиіс. Автор редакцияның кеңестерін ескергісі келмесе немесе орындай алмаса мақалаларды кері қайтару құқығын өзінде қалдырады. Рецензиялардың түпнұсқалары «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналының сайтында сақталады.

5-Тарау. Қолжазбаларды рәсімдеу жөнінде авторларға арналған басшылық

5.1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналына мақала жариялау үшін дайын ғылыми жұмысты автор(лар) vestnik.korkyt.kz сайтындағы Онлайн мақала жіберу жүйесі арқылы, арнайы нұсқаулықты пайдаланып жіберуге болады. Мақала Windows 10 оперативті жүйесіндегі Word форматында Times New Roman шрифтінде жазылуы қажет (Осы талапта жазылмаған мақала автоматты түрде қабылданбайды). Жарияланым тілдері – қазақша, орысша, ағылшынша.

5.2. Мақаласын журналға жариялануға ұсына отырып, автор өзі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығына, қолжазбада кірме мәтіндік сәйкестікті анықтау барысында кірме мәтін, кесте, схема, иллюстрацияларда жоқтығына дұрыс ресімделуіне кепілдік береді. Авторлар ғылыми жаңалық пен практикалық құндылыққа, сондай-ақ академиялық адалдық принциптеріне негізделген мақалалар құрастырып, педагогикалық және психологиялық ғылымдар саласындағы заманауи іргелі және қолданбалы мәселелерді үйлестіре отырып, сөздердің өзара үйлесімділігін сақтауы керек.

5.3. Басқа тілден аударылған синонимдік ауыстырылатын (плагиат) басқа авторлардың мәтінін пайдалануға жол берілмейді, мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, кестелерді, кодтарды, суреттер мен туындыларды басқа авторларға және мәтінді пайдалану көзіне, сондай-ақ мәтінді және мәтінді пайдалану көзіне сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) меншік құқығы пікір өзгеріссіз, оның ішінде мәтінді пайдалана отырып; жоқ дереккөздерге сілтеме жасау, бір-біріне қайшы келетін деректерді және (немесе) нәтижелерді, жазбаларды немесе олар бойынша хабарламаны ұсынбау.

5.4. Мақаладағы дәйексөздер тізімінде тек рецензияланған әдебиет көздері, мақаланың құрылымына сәйкес DOI индексі бар ақпарат көздері болуы керек. Теориялық ғылыми мақалалар абстракция, синтез, талдау, индукция, қорытынды, формализация, идеализация, модельдеу сияқты әдістер арқылы зерттеу нәтижелерін қамтуы керек. Логикалық заңнамалық және нормативтік база басым күшке ие болуы тиіс. Эмпирикалық сипаттағы ғылыми еңбектерде бірқатар теориялық әдістер қолданылғанымен, олар психологиялық-педагогикалық ғылымда қолданылатын өлшеу, бақылау, эксперимент әдістеріне көбірек сүйенуі керек. Сонымен қатар, мақалада жаңа ғылыми нәтижелер, ережелер, ұсыныстар мен қорытындылар енгізілуі керек. Жиынтық жаңа ғылыми жетістік

ретінде айқындалған педагогика мен психология бойынша жаңа, ғылыми негізделген теориялық, ғылыми-зерттеу нәтижелерінен немесе қазақстандық ғылымның дамуына үлес қосатын ғылыми негізделген шешімдерден тұруы тиіс.

Мақаланың барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланыста болуы керек; ғылыми ережелер, нәтижелер мен ұсыныстар мақаланың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі керек.

5.5. Мақала құрылымы мен безендірілуі:

1) Мақала көлемі 6-12 бет аралығында болуы тиіс (әдебиеттер тізімі мен аннотацияларды қоспағанда 6 беттен кем болмау керек).

2) Мақаланы құру схемасы: беті – А4, кітаптық бағдар, туралау – ені бойынша. Сол жақ, үстіңгі және төменгі жақтарындағы ашық жиектері – 2,5 см, оң жағында – 2,0 см. Шрифт: тип – Times New Roman, өлшемі (кегль) - 12

- МРНТИ индексі – бірінші жолы, жоғарыдан, сол жақта <http://grnti.ru/>

- DOI индексі (журнал редакциясында беріледі);

- Мақала атауы – ортасына қалың қаріппен (12 шрифт).

- Автордың (лардың) аты-жөндерінің бірінші қарпі мен тегі – ортаға, қалың қаріппен; (11-шрифтпен, авторлар саны - 5-тен артық болмауы тиіс)

- Ұйым, қала, елдің толық атауы (егер авторлар түрлі ұйымдарда жұмыс істесе авторлардың тегінің жанына бірдей таңба және тиісті ұйымды қою қажет, авторлардың электронды поштасы, орсид номері түсуі қажет) – ортаға, курсив.

- Андатпа түпнұсқа тілінде (150-300 сөз; мақала құрылымын сақтай отырып), өлшемі (кегль) – 11

- Тірек сөздер – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде (3-8 сөз/сөз тіркестері), өлшемі - (кегль) 11.

- Негізгі мәтін (12 шрифт, аралық интервал – 1, «азат жол» - 1,25 см):

3) кіріспе: тақырыптың таңдалуын негіздеу, тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі, объектіні, тақырыпты, мақсаттарды, міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезалар мен жұмыстың маңыздылығын анықтау.

4) зерттеу материалдары мен әдістері: мақала материал мен жұмыс барысы сипаттамасынан, сондай-ақ қолжазбада қолданылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы керек. Бұл бөлімде көтеріп отырған тақырыптың қалай зерттелгені бұрын жарияланған процедураларды қайталанбаған егжей-тегжейлі ақпарат; материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде міндетті түрде жаңалық енгізе отырып, жабдықты (бағдарламалық жасақтаманы) сәйкестендіру және материалдарды сипаттау қолданылады. Кесте мен сурет мақалада сипатталғаннан кейін орналастырылуы керек.

5.6. Иллюстрациямен жазу өлшемі (кегль – 11) болуы керек. Суреттер анық, таза, сканерленбеген болуы керек. Суреттер мен кестелердің тақырыптары - 11 шрифтпен. Кесте көрсеткіштері 11 шрифтпен жазылады. Мақалада мәтінде сілтеме жасалған формулалар ғана нөмірленеді. Барлық аббревиатуралар мен қысқартулар мәтінде бірінші рет жазылған кезде тарқатылып (расшифровка) көрсетілуі керек.

5.7. Мақала мәтінінде сілтеме жасалған формулалар ғана нөмірленеді. Ал сілтемелер төртбұрышты жақшада көрсетіліп, қатаң нөмірленуі керек. Мәтіндегі әдебиетке бірінші сілтемеде [1], екіншісінде - [2] және т.б. саны

болуы керек. Жарияланбаған қолжазбаға сілтеме жасауға рұқсат етілмейді. Тексерілмеген жарияланымдарға сілтемелер ұсынылмайды.

5) нәтижелер/талқылау: зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау келтіріледі.

6) қорытынды/қорытындылар: осы кезеңдегі жұмысты қорытындылау; автор айтқан ұсынылған тұжырымның ақиқатын растау. Қорытындылар белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін жалпылау үшін, ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолданылуы керек. Жұмысты қаржылық қолдау туралы ақпарат мақаланың соңында көрсетіледі.

7) **Әдебиеттер тізімі** (өлшемі (кегель) – 11, пайдаланылған әдебиеттер саны – 15-тен кем болмауы қажет). Әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқа тілінде, екіншісі – латын транслитерациясы (транслитерация <https://translit.ru/> сайты) арқылы, латын әріптерімен жазылады. Мақаладағы дәйексөз тізімінде мақаланың ғылыми бағытына сәйкес келетін әдебиет көздері және DOI индексі бар әдебиеттер болуы тиіс (немесе URL адресі болуы тиіс) (үлгі-2-қосымша). Әдебиеттер реттік номері сілтемеге сәйкес тік жақшада нөмерленеді. Орыс және қазақ тілдеріндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу стилі ГОСТ 7.1-2003 "Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері" сүйене отырып жасалады.

5.8. Авторлар туралы мәліметтер: автор(лар)дың аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, байланыс деректері: телефон, эл.пошта, Orcid ID) 3 тілде. Егер авторда Orcid идентификаторы болмаса, Orcid идентификаторына мына сілтеме бойынша тіркелу қажет: <https://orcid.org/>.

5.9. Редакцияға келіп түскен мақаланың рәсімделуі талапқа сай болса, антиплагиат бағдарламасынан өткізіледі. Түпнұсқалылығы 80% - дан жоғары көрсеткіште болған мақала редакция құрамының қарауына жіберіледі. Ал 80% - дан төмен болған мақала автордың толықтыруына жіберіледі. Ал, екінші рет өткізілген жағдайда тиісті көрсеткіш болмаса жарияланымға қабылданбайды (Антиплагиат бағдарламасында мақаланы алғашқы тексеру құны – 2000 тг, ал сол мақаланы қайта тексеру құны – 1500 тг). Резеңценттердің оң пікірінен соң мақала журналға қабылданып, авторға төлем жасау жөнінде хабарлама жіберіледі. Автор төлемақының түбіртегін редакцияның электронды почтасына жіберуге міндетті (Pedagogy_Journal@korkyt.kz).

5.10. Мақала құны: Журналдағы бір мақаланың құны 5000 теңге.

5.11. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналының редакциясы әр номердің соңғы PDF нұсқасын университет сайтына және Халықаралық <https://crossref.org/> CROSS-REF сайтына салудан бұрын әрбір авторға өз мақалаларын тексеру үшін 3 күн уақыт береді. Авторлардың пікірі, жауабы және т.б. қабылданғаннан кейін ғана журнал сайтқа салынады. Одан кейінгі авторлар ескертуі қабылданбайды және редакция қателікке жауап бермейді.

Төлем мәліметтері

Университет мекенжайы: 120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29а.

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» ҚеАҚ



«Қазақстан Халық Банкі» АҚ.
СТН 331000037638 БСН 960540000620
ЖСК KZ 276017201000000125
БСК HSBKKZKX Бк-16 ТТК-859

6-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

6.1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» журналының редакциясы Қазақстан Республикасының заңнамасына, академиялық адалдық, ашықтық және объективтілік қағидаттарына сәйкес қызмет жүзеге асырады.

6.2. Ғылыми мақалаларды қабылдау, рецензиялау және жариялау авторлардың лауазымына, ғылыми дәрежесіне, жұмыс орнына және өзге де жағдайларға қарамастан, теңдік қағидаты негізінде жүзеге асырылады.

6.3. Мақаланы жариялау, рецензиялау нәтижелерін өзгерту немесе редакциялық процесті жеделдету үшін сыйақы, сыйлықтар, қызметтер немесе өзге де артықшылықтарды алу не ұсынуды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген түріне тыйым салынады.

6.4. Редакциялық алқа мүшелері мен рецензенттер тәуелсіздік пен объективтілік қағидаттарын сақтауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы уақытылы хабарлауға міндетті.

6.5. Барлық материалдар белгіленген қарау және рецензиялау рәсімінен өтеді. Жариялау туралы шешімдер тек мақаланың ғылыми маңыздылығы, өзектілігі және сапасы негізінде қабылданады.

6.6. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7-тарау. Қорытынды ережелер

7.1. Осы ереже қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Осы кадр саясатының орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндері арасында алшақтықтар немесе қайшылықтар анықталған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

7.2. Осы Ереже Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі және Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

7.3. Осы Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Осы құжатқа айрықша зияткерлік меншік құқықтары «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-қа тиесілі.

7.4. Құжатты толық немесе ішінара пайдалану, көбейту және тарату дереккөз көрсетілген жағдайда не Университеттің жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

7.5. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

7.6. Осы Ереже 16 (он алты) бетте №1,2,3 Қосымшамен әзірленді.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика
және психология» журналының редакциясына

РЕЦЕНЗИЯ

Мақала атауы	
Рецензент: ТАӘ, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі	
Күні:	

Мазмұнын бағалау

Зерттеу объектісі

	Нақты және дәл анықталған
	Нақтылана түсуі тиіс
	Түсініксіз, қайта қаралғаны жөн
Рецензент пікірі:	

Теориялық негіз және түсіндірмелер

	Автор бірегей көзқарас білдірген
	Алдыңғы зерттеулерге жеткілікті дәйексөз келтірілген
	Өзге зерттеулерден дәйексөз келтірілмеген
	Теориялық фон жоқ немесе айқын емес
Рецензент пікірі:	

Ұсынылған ақпарат және мәліметтер

	Жаңа, бірегей
	Белгілі ақпаратты толықтырады және кеңейтеді
	Белгілі болған ақпаратты қайталайды
	Айқын емес
Рецензент пікірі:	

Зерттеу әдісі

	Жақсы негізделген және келісілген
	Негізделуі жеткіліксіз және қайта қаралуы тиіс
	Әдіс айқын емес
	Мұндай жұмыс түріне қажет етілмейді
Рецензент пікірі:	

Проблемаларды шешу және нәтижелерді талдау

	Өте жақсы негізделген
	Жеткілікті негізделген

Асанбаев

	Нашар негізделген, қайта қаралуы керек
	Айқын емес және/немесе мүлдем дәйексіз
	Сапаттамалы жұмыс
Рецензент пікірі:	

Форманы бағалау

Атауы

	Айқын және дәл
	Қайта қаралуы керек
Рецензент пікірі:	

Тілдік стилі

	Өте жақсы
	Жеткілікті дәрежеде еркін
	Түсінікті
	Түсіну қиын
Рецензент пікірі:	

Кестелер, графиктер, т.б.

	Қолайлы
	Қайта қаралуы керек
	Жоқ / қажет емес
Рецензент пікірі:	

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

	Қолайлы
	Қайта редакциялануы керек
Рецензент пікірі:	

Аңдатпа

	Сәйкес
	Қайта редакциялануы керек
	Қайта қаралуы керек
Рецензент пікірі:	

Қорытындылар

	Ұсынылған түрде жариялауға болады
	Өзгерістер енгізіп қабылдауға болады
	Елеулі өзгерістермен қабылдауға болады
	Қабылдамау, бірақ қайта ұсынуға мүмкіндік жасау
	Қайта ұсыну мүмкіндігінсіз қабылдамау

Рецензенттің пікірі:	
----------------------	--



FTAMP 14.07.03
ӨОЖ: 159.9.07

<https://doi.org/10.52081/PPS.2023.v02.i2.010>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Айтжанова Р.М., педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
rozaaitzhanova@mail.ru, <https://orchid.org/0000-0002-2563-7986>

Елікбаев Ә.Б., магистрант
alibi_19_93@mail.ru

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Андатпа. Адамның қоғамдық мәні – өмір сүрген ортасы, әлеуметтік жағдайы, білімі, санасының жоғары немесе төмен болуы оның кәсіби-тұлғалық қалыптасуына тән қасиеттерінің қалыптасуының шарты болып табылады. Кәсіби-тұлғалық қалыптасуы психологиясының дамуы адамның іс-әрекет, кәсіби-тұлғалық қалыптасуы ісі ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдерін суреттеуді және анықтап көрсетуді қажет етеді. «Кәсіби-тұлғалық қалыптасуы» түсінігі адамды білу әрекетінің көзі ретіндегі категория. Бұл категория адамның өзіне, айнала қоршаған ортаға белсенді қарым-қатынасын білдіреді. Оқу әрекетіндегі кәсіби-тұлғалық қалыптасуы – осы әрекеттегі саналы өзіндік даму қабілеті жоғары қалыптасқан адам. Адамның кәсіби-тұлғалық қалыптасуы қасиеті тұлғаның дамуымен, оның өнімді шығармашылық әрекетінен көрінеді. Кәсіби-тұлғалық қалыптасуы ұғымы ерте қалыптасып, зерттелінген ұғымдардың бірі. Кәсіби-тұлғалық қалыптасуы – іс атқарушы, ойлап жасаушы, әрекет етуші.

Тірек сөздер: құзыреттілік, құзыреттілік тәсілі, кәсіби құзыреттілік, шарттар, оқытудың интерактивті әдістері, модельдеу.

Кіріспе...

Зерттеу материалдары мен әдістері...

Нәтижелер...

1-кесте – Өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің кәсіби-тұлғалық қалыптасуы ілік компоненттерінің даму деңгейінің көрсеткіштері %


Компоненттер	Деңгейлер	Эксперимент тобы
Мотивациялық-құндылылық	Жоғары	8
	Орта	44
	Төмен	48
Мазмұндық	Жоғары	12
	Орта	48
	Төмен	40
Нәтижелік-бағалау	Жоғары	8
	Орта	32
	Төмен	60

Кестеден эксперименттік сараптаулар нәтижесі студенттердің өзіндік жұмыстар орындау деңгейлерінің жоғары еместігін, олай болса кәсіби-тұлғалық қалыптасуындағы тұлғалық қасиеттердің де оқу-тәрбие үдерісінде өзекті болмайтынын көруге болады.

Мазмұндық компонентте эксперименттік топтарда жоғары деңгейдің өсуі 12% көрсетсе, орта деңгейді құрайтын студенттер 48%, ал төменгі деңгейі 40% болды.

Р.М. Айтжанова

Өзіндік жұмысты орындау барысында студенттердің іс-әрекеті бірнеше психологиялық үдерістен өтеді. Ең алдымен жұмысты орындау барысында оның мазмұнын түсіну, қабылдау, ой елегінен өткізу арқылы студент өздігінен шешім қабылдау үшін еркіндік алу нәтижесінде өзіне деген сенімге ие болады. Сенім оның келешекте әрекет ету барысындағы белсенділігін арттыруға жағдай жасайды. Ақыл –ойдың жүйелілігі мен дамуы жекебастың өмір тәжірибесінен және әртүрлі білім саласынан алған ұғымдарының көлеміне байланысты екендігі белгілі болды. Олай болса, өзіндік жұмыс орындау кезіндегі түрлі ақыл-ой әрекетінің күрделенуі арқылы қабылдағанда ойда сақтау, қайта жаңғырту, керекті жерінде пайдалану біліктіліктері артатындығы байқалды (1-сурет).



1-сурет – Өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің кәсіби-тұлғалық қалыптасуын дамыту компоненттерінің даму деңгейінің көрсеткіштері (%)

Қорытынды...

Әдебиеттер:

[1] **Аржаник, М.Б.** Комплексная математическая подготовка как условие повышения профессиональной компетентности будущих психологов [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук / М.Б. Аржаник. – Томск, 2014. – 23 с.

[2] **Барышникова, Е.В.** Применение интерактивных методов обучения в формировании профессиональных компетенций бакалавров психолого-педагогического направления [Текст] / Е.В. Барышникова – Современное состояние и перспективы развития психологии и педагогики: сборник статей Международной научно-практической конференции (29 декабря 2014 г., г. Уфа). – Уфа: Аэтерна, 2014. – С. 24–27.

[3] **Долгова, В.И.** Эмпатия и коммуникативная компетентность [Электронный ресурс]: монография/ В.И. Долгова, Е.В. Мельник. – Режим доступа: <http://elibrary.ru/xmlui/handle/123456789/344>. – (Дата обращения: 01.10.2015).

References:

[1] **Arzhanik, M.B.** Complex mathematical training as conditions for improving the professional competence of future psychologists [Text]: abstract of the dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences / M.B. Arzhanik. – Tomsk, 2014. – 23 P. [in Russian]

[2] **Baryshnikova, E.V.** Application of interactive teaching methods in the formation of professional competencies of bachelors of psychological and pedagogical direction [Text] / E.V. Baryshnikova // The current state and prospects for the development of psychology and pedagogy: a collection of articles of the International Scientific and Practical Conference (December 29, 2014, Ufa). – Ufa: Aeterna, 2014. – pp. 24 – 27. [in Russian]

Handwritten signature

[3] **Dolgova, V.I.** Empathy and communicative competence [Electronic resource]: monograph / V.I. Dolgova, E.V. Melnik. – Access mode: <http://elib.cspu.ru/xmlui/handle/123456789/344>. - (Accessed: 01.10.2015). [in Russian]

**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ**

Айтжанова Р.М., кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор
Еликбаев А.Б., магистрант

Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, г.Караганда, Казахстан

Аннотация...

Ключевые слова...

**PSYCHO-PEDAGOGICAL CONDITIONS OF FORMING PROFESSIONAL COMPETENCE OF
FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS**

Aitzhanova R.M., Associate Professor Candidate of Pedagogical Sciences
Yelikbayev A.B., Master's student

E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda city, Kazakhstan


Annotation...

Keywords...

Авторлар туралы ақпарат



КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№	Қызметі	Аты-жөні, тегі	Қолы	Күні	Ескерту
1	Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі - проректор	Абдрашева Д.М.			
2	Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Бурибаева М.А.			
3	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры	Досжанов Б.А.			
4	Экономика және қаржы департаментінің директоры	Уразбаев Н.Ж.			
5	Аппарат басшысы	Бердалиева Г.К.			
6	Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар басқармасының басшысы	Ильясова С.М.			
7	Бас редактор	Омаров К.А.			

Құжатты дайындаған

№	Қызметі	Аты-жөні, тегі	Қолы	Күні
1	Редакциялық баспа бөлімінің бастығы	Абуова Н.		

